

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің бірлескен бұйрықтарының күшін жою туралы**

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010 жылғы 30 қарашадағы № 601 және Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрінің 2011 жылғы 17 қаңтардағы № 8 Бірлескен бұйрығы

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабының 2-тармағы 2) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Бірлескен бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 03 ақпандағы № 36 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2010 жылғы 10 ақпандағы № 43 бұйрығы "Сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6067 тіркелген);

2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 03 ақпандағы № 37 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2010 жылғы 10 ақпандағы № 45 бұйрығы "Кеден органдары жүргізетін тексерулер бойынша тексеру парағының нысанын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6065 тіркелген).

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті (Қ - К . Ж . К ә р б о з о в ) :

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне осы бұйрықтың көшірмесі ж о л д а н с ы н ;

2) бұқаралық ақпарат құралдарында осы бұйрықтың ресми жариялануын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрық мемлекеттік органдардың басшыларының соңғысы қол қойған күннен кейін күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрі*

*Қазақстан Республикасы  
Экономикалық даму және  
сауда министрі*

*Б. Жәмішев*

*Ж. Айтжанова*